

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ**

ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы

Д Ә Р І С

**Тақырыбы: АҚШ-ТАҒЫ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ
ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ**

**Кафедра мәжілісінде талқыланып,
мақұлданған: 2016 ж. «___» қыркүйек
№ ___ хаттама**

**Дайындаған: кафедра аға оқытушысы
полиция капитаны И.М. Искаков**

ҚАРАҒАНДЫ 2016

АҚШ-ТАҒЫ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ

ЖОСПАР:

1. Америкадағы Англия колониясының тәуелсіздік үшін соғысы және АҚШ-тың құрылуы.
2. 1787 ж. АҚШ Конституциясы және 1791 ж. құқықтар туралы Билль.
3. 1961-1964 жж. Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы азаматтық соғыс және оның АҚШ-ның мемлекеттік-құқықтық дамуына тигізген ықпалы.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

- Биекенов Н.А., Сәлкебаев Т.С., Сейдіғалиев Т.Р. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. Қарағанды., 2005
- Сейдіғалиев Т.Р., Искаков И.М. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құрал. – Қарағанды., 2015
- Булгакова Д.А., Истаев А.Ж. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы., 2008
- Всеобщая история государства и права в схемах. Древний мир. - М., 1996
- Бонгард - Левин Г.М. Индия эпохи Маурьев. М., 1973
- Васильев Л.С. Курс лекций по Древнему Востоку. М., 1985
- Всеобщая история государства и права./ Под ред. Батыра К.И.. М., 1996
- Дьяконов И. М. Общественный и государственный строй Древнего Двуречья.
- История государства и права зарубежных стран./ Под ред. Жидкова О.А. и Крашенинниковой Н.А. ч.1., М., 1988
- Мұхтарова А.Қ. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Алматы, 2005
- Крашенинникова Н.А. История права Востока. М., 1994
- Лаурье И.М. Очерки древнеегипетского права 16-10 вв. до н.э. Л., 1960
- Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран. М., 1984, с.12-34
- Шапақ Ү.Ш., Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құралы. Астана., 2005
- Черниловский З.М. Всеобщая история государства и права. М., 1996

Кіріспе

Америкадағы Англия колониясының тәуелсіздік үшін соғысы және АҚШ-тың құрылуын, 1787ж. АҚШ Конституциясы және 1791ж. құқықтар туралы Билль, 1961-1964 жж. Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы азаматтық соғыс және оның АҚШ-тың мемлекеттік-құқықтық дамуына тигізген ықпалын анықтау. 1776 ж. Тәуелсіздік Декларациясы және 1781 ж. «Конфедерация баптары». 1787 ж. АҚШ-тың Конституциясы. Жалпы мазмұны мен негізгі ерекшеліктері. 1791 ж. құқық туралы Билль – Конституциясының алғашқы 10 толықтырулары. ХІХ ғ. АҚШ-тың мемлекеттік-саяси дамуы.

1776 ж. Тәуелсіздік Декларациясының негізгі мазмұнын ашып беруге, халық егемендігі, адамның табиғи және ешкім айыра алмайтын құқықтар ұғымына, «Конференция баптарына» түсініктер беруге тиісті.

1787 ж. Конституцияға жалпы сипаттама беруге тиісті, Конституция баптарының негізгі принциптері мен мазмұнын ашып беруге тиісті.

1791 ж. құқық туралы Билльді анықтағанда, осы құжаттың бас негізі – азаматтардың бостандықтарын бұзатын заңдар қабылдауға болмайтынын ерекше көрсету. АҚШ-ның ХІХ ғ. мемлекеттік-саяси дамуы туралы сұрақта – 1861-1864 жж. болған Азаматтық соғыс нәтижелерін, АҚШ аумағының кеңеюін, қос партиялық жүйенің қалыптасуын көрсету керек.

Америкадағы Англия колониясының тәуелсіздік үшін соғысы және АҚШ-тың құрылуы.

XVII-XVIII ғасырларда Солтүстік Американың Атлантика мұхиты жағалауында 13 отар құрылды. Отарлардағы адам саны 2,5 млн.-дай еді. Оның жарты миллионы африкалық негрлер болатын. Отарлықтар Американың жергілікті тұрғындарын үндістерді құлдыққа көндіре алмады. Көпшілік қоныстанушылар Еуропадан, оның ішінде көбі Англиядан келгендер еді. Отарлардың мемлекеттік құрылыстары Англияның өзіне өте ұқсас болатын. Олардың ішкі істердегі автономиясы король бекіткен қағаздармен айқындалды. Қоныс аударушылар өздерімен бірге Америкаға отандарында қолдана алмайтын ескі еркіндіктерін, кейбір биліктерін ала келді. Олар табиғи заңдылықтар іліміне сүйене отырып, өз заңдарын құрды. Отарлар феодализм тәртіптерін білген жоқ. Олардың экономикалық дамуы XVII ғасырда қалыптасқан буржуазиялық қарым-қатынастар негізінде өрбіді.

Ағылшын мемлекеті отарларға тауар өткізетін нарық және шикізат көздері ретінде қарады. Олар жаңадан пайда болып келе жатқан американдық буржуазиясының мүдделеріне мейлінше қысым жасады. Америка тұрғындарына құл сатумен айналысуға рұқсат етілген жоқ, тауарларды тасымалдаумен тек ағылшындар айналыса алатын болды, өнімдері шығарылмады. Георг-Үшінші фермерлерге Аллеган тауларының ар жағындағы жерлерді иеленуіне тыйым салды. Америкадағы мақта, темекі, жүгері құнының төмен болуы, ағылшын тауарларының қымбаттығы плантаторларды жиі-жиі банкроттыққа ұшыратып отырды. Еуропа мемлекеттерінен әкелінген тауарларға төлейтін салықтарды көбейтті және оны күміс ақшамен төлеуге мәжбүр етті. Бірақ Англияның Америка отарларын бағындыра, ырқына көндіре ұстамақшы болған, экономикалық дамуын тоқтатпақшы болған әрекеттері Америка халқының үзілді-кесілді батыл қарсылығына тап болды.

Америка төңкерісінің алғы шарттары.

Америкаға алғашқы британ қоныстаушыларының келгенінен бастап, ағылшынның солтүстік американдық отарларындағы азаттық қозғалысының басталуына дейін бар-жоғы 150 жыл өтті.

Британияның отарлары Еуропалық қоныстаушылардан бос еді. Бірақ америкалық абориген-үндістерді өз жерлерінен ығыстыра отырып орналасқан. Отаршылдар үндістерден ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруді, шаруашылық әдістерін және аң аулауды үйренді. Өз өмірлерінде үндістер мәдениетінің әсері сезінді. Үндістер оларға алғаш кезде азық-түлікпен көмектесті. Бірақ сол Американың негізгі халқын отаршылдар өлім жағдайына жеткізсе де, оларды 13 отарда жұмысшылар жетпей жатса да, құлға айналдыра алмады.

Тәуелсіз мемлекет құрудың алғы шарттары болды, Американдық төңкерісі отарлардың біртұтас мемлекетке бірігуі үшін объективті жағдай жасағаны мәлім. Төңкерістің қайнар көздері Америка экономикасы үшін дәстүрлік жолмен дамыды. Метрополия мұхиттың ар жағына өзінің шаруашылық өнімдерін шығару арқылы олардан көп табыс (кіріс) алып отырды.

Отарлардың еншісі британ шаруашылығы үшін негізгі материал, шикізат жеткізуші болып табылатын. Олардың қарым-қатынастары пайда табу негізінде құрылған.

Англияның бұлай қарай тасымалдағаны кеме бөлшектері, шойын, ауыл шаруашылық өнімдерінен бидай, күріш, индиго. Сауда өте қиын жолмен жүргізілді. Ағылшын буржуазиялық төңкерісі кезінде 1649 жылы қабылданған Навигациялық акт сауданы тек ағылшын су жол қатынастарымен өткізуді қажет деп тапты. Саудаға қатысатын кемелердің капитандары болып тек ағылшын мемлекетінің азаматтары тағайындалатын. Өздеріне қатыссыз сауданы басқа елге жіберуге отарлардың құқығы болған жоқ. Барлық заттар Лондон арқылы етуге тиіс болды. Сауда жүргізгені үшін олар Англияға үлкен баж салығын төледі. Бірақ Навигациялық акт бекіткен сауда шарттары Америкаға белгілі бір пайда берді. Англия Еуропаның ең бай және прогрессивтік мемлекеттерінің бірі. Оның тауарларының сапасы өте жоғары болатын. Сондықтан олар дамыған елдердегі жеңіл өнеркәсіпті пайдаланды. Одан басқа отарлар Британ кредиттерін пайдаланып, британ әскері мен флотының қол астында болды. Ағылшын жеке меншігіне қол сұққан адамдар өте қатты жазаға кесілді, көбіне ол өлім жазасы болатын.

Ағылшын кемелерінің төрттен бір бөлігі отарларда жасалды. Отарлар жасырын жолмен контрабандамен айналысатын. Олар жергілікті өкіметпен шарт жасасып, қалпақ, етік, жиһаз тағы басқа заттарды жасай бастады.

1769 жылы ағылшындар сауда палатасын құрды. Ол жеңіл өнеркәсіптегі ағылшын монополиясын қолдады. Бірақ бәрі бір өсу қарқыны жоғарылаған жоқ. 10 американдықтың тоғызы ағылшын киімін киді. Үлкен табыс әкелген ол үштік сауда. Үндістаннан барлығы қант шығарды, ал Жаңа Англия одан ром шарабын жасатып, сөйтіп, оған Африкадан құлдар сатып алатын.

Төңкеріске дейін ұлтаралық жағдай үлкен масштабты қамтыды, яғни, Америкада ортақ нарық болды. Бұл капиталистік экономиканың бірден жоғарылауына мүмкіндік туғызған еді. Американдықтардың негізгі шаруашылығы – ауыл шаруашылығы болғаны мәлім.

Әлеуметтік құрылысы. Америкадағы халықтың құрылысы өте ерекше. Феодал лордтар бүкіл жерлерінің оннан тоғызының қожасы. Жұмысшы күші – ағылшын "зандастырылған малайлары", олар Англиядан кезінде Америкаға жете алмай, ақшалары жоқтығынан кеме иелерімен шартқа отырып, солардың малайлары боламыз деп міндеттеме алғандар еді. Бірақ Америкаға келгеннен кейін олар біршама жұмыс істеп, өздеріне жер алды да, американ фермерлеріне айнала бастады. Жердің молдығы оларды көп уақыт езгіге салуға мүмкіндік берген жоқ. Американың жарты миллион адамы Африка негрлері оңтүстікте плантацияларда жұмыс істейтін еді. Америка халқының көбін ерікті фермерлер мен қолөнершілер құрайтын.

XVIII-ғасырдың ортасында отарлардың саяси құрылысы былай қалыптасқан болатын: губернатор жергілікті ақсүйектерден немесе

қызметкерлерден сайланды. Кейбір отарлар губернаторларды өздері сайлайтын еді. Отарлар үшке бөлінді: қызметкерлердің басқаруымен болған жергілікті отарлар, жеке отарлар, жеке адамның иесі, оларды сол отардың иесінің өзі басқарды және ағылшындардың негізінде құрылған, өзін-өзі басқаруға келген отарлар. Отарлардың басында губернатор тұрды, оны ағылшын королі тағайындайды немесе отардың халқы сайлап қояды.

Америка төңкерісінің көп ерекшеліктері болды. Оны тапсыз күрес деп атайтын. Ол бүкіл Америка халқының тәуелсіздігі үшін, бостандығы үшін өткізген күресі. Бірақ революцияға қатысқан адамдар ағылшын әдеттеріне сәйкес лоялистер тори және патриоттар деген екі топқа бөлінген еді. Лоялистер-корольді жақтаушы топтар. Патриоттар - метрополиялық саясатқа қарсы, ескі отарлық режимді бейнелейтін жеңілдікке ие сословиенің дұшпандары. Оның басты тірегі төменгі, ортаңғы қала тұрғындары, қолөнершілер мен ұсақ тауар иелері мен фермерлер. Олар өздерінің жер меншік иесіне кіріптарлығын (басы байлығын) жоюға күш салды, ең бастысы скваттерлер патриоттардың құрамына дәулетті топтар-көпестер, контрабандистер, езуші буржуазиялар кірді, олар Америка жеңіл өнеркәсібімен байланысты болатын. Торийлерге губернаторлар, сот қызметкерлері, кеден қызметкерлері, отарлау әкімшілігі, жер ақсүйектері, кейбір плантаторлар мен ағылшын шіркеу иелері жататын.

60-70 жылдардағы оқиға азаттық қозғалысымен және америкалық революцияның өзгеруімен тығыз байланысты. Осы жылдары революциялық күш қалыптасты, сондай-ақ тәуелсіздік үшін күрестің әдістері мен ұйымдастыру тәжірибесі құрылды. Тәуелсіздік үшін күрес негізінде келесі төрт мәселе шешілуге тиісті еді: құлдықты жою, Аллеган тауларының жанындағы жаңа жерлерге қоныс аудару, өнеркәсіп пен сауданың бостандығын алу және отарлық әкімшіліктің тәуелсіздігін қорғау.

Отарлардағы азаттық – демократиялық қозғалыстың басталғанына 20 жылдай өткен еді. Ол Англиядағы жеті жылдық соғыстың (1756-1763) жеңісіне тікелей байланысты. Олар Канададан француздарды ығыстырып шығарып, өздерінің қатаң режимдерін енгізуге тырысты. Англия өкіметін жақсарту жолында бірнеше қаулылары шықты, соның арасындағы 1765 жыл 22 наурыздағы елтаңба жөніндегі заң көп наразылық туғызды. Соғыс аяқталғаннан кейін Англияның 340 млн. фунт стерлинг қарызы жиналды. Жаңа заң оның 60 млн. фунт стерлинг пайда беруге тиісті еді. Салық заңының бабы бойынша барлық баспа орындарына, заң құжаттарына некелік контракт, сауда келісімдеріне, ұрпақ жөніндегі қағаз және басқа да ресми құжаттарға салық салынды. Бұл салықты ағылшын қызметкерлері емес, отарлау әкімшілігіндегі арнайы өкілдік қызметкерлері жинады. Ал бұл мәселені тексеріп, іске асырушы британ вице-адмиралтейстік соты. Англия жағынан жасалған қысымға қарамастан, отарлар жедел дамыды және капиталистік өндіріс қатысынан Америка революциясы ұшқындады.

Оның тікелей себебі ағылшын үкіметінің қатаң істері, Аллеган жерлерін пайдалануға қарсы шыққан корольдің бұйрықтары. 1764 жылы Еуропадан Америкаға әкелінген заттарға баж салығын кіргізе бастады.

Қоныстанушылар ағылшын солдаттары үшін казарма салуды және оған кезекшілік орнатуды енгізді. Бұл кезде ағылшын әскерлерінің саны өсе түскен. Отарларға кредит билетімен кіруге болмайтынына байланысты елтаңба туралы заң шығарылып, оны 1773 жылғы саудадағы шай туралы заң толтырды.

Виргиния Ассамблеясында Генри сөзінен кейін заң шығарушылар қарсы шығып, осы заңға оппозиция құрастырды. Массачусетс ұсынысы бойынша 1765 жылы қазанның 7 жұлдызында Құрылықаралық Конгресс шақырылды. Америкадағы британ отарларының құқығы мен шағымы жөнінде декларация қабылдаған осы Конгресс. Халық салық жинаушылардың үйлерін өртеп, олардан салық алмау жөнінде ант алды. 1766 жылы Англия парламенті салықты өзгертті. 1767 жылы жазда Англияның парламенті Таушенд заңдары деп аталған үш заң қабылдады. Ағылшын отарларының наразылығын туғызған – осы заңдардың мазмұны. Таушенд заңдары қабылданғаннан кейін Ағылшын мен Американың қатынасы бірден нашарлады да, 1771 жылы бұл заңдар өзгертілді.

Америка халықтарының талаптарын былай бөлуге болады: біріншіден, ағылшын жеңіл өнеркәсіп заттары отарларға әкелу үшін қызметкерлер мен сот баж салығын жинайтын. Бұл заң провинциалдық ассамблеяның тексеруімен отарлау әкімшілігінің аппаратына көп мүмкіндік туғызды. Америка кеден таможнялық басқармасын құру жөнінде талап білдіртті, ол барлық сауданың заңдарын қадағалау үшін, қамтамасыз ету үшін керек болды. 1765 жылғы пәтер актісі мойындалмай, Нью-Йорк провинциалдық ассамблеясының ісі тоқтатылған еді.

1773 жылы 16 желтоқсанда Бостон қаласының халқы ағылшын кемесі арқылы келген шайды теңізге батырып жіберді. Англия Бостон портын жауып, оны бүліншілік жағдайында деп мәлімдеді. Бостон және Массачусетс отарларымен қарым-қатынасқа тыйым салды. Порттардың блокадасына ерегісіп, Конгресс бүкіл сауда туралы ағылшын заңдарын жойып, король қызметкерлерінің меншігін тәркілеуге ұшыратқан еді. Отарлар метрополияға қарсы күресу үшін өздерінің күштерін біріктіре бастады.

1774 жылы 5 қыркүйекте Филадельфияда I Континенталдық Конгресс ашылды. Оған қатысқандар-көпестер, өсімқорлар, ірі плантаторлар. Бір жарым ай бойы ол мәжілісін жасырын өткізді. Оған 12 отардың 56 өкілі қатысты. Конгресс құқықтық Декларация қабылдады. Конгрестің мәжілісінде ағылшын парламентінің соңғы актілері талқыланды. Отарлар өз заңдары, заң шығаратын жиналыстары болатынын мәлімдеді. Ағылшындар болса, мемлекеттің репрессивтік актілерін өзгерту керек деп талап етті. Бірақ Конгрестің сол кезде алынған актілері және өткізген саясаты шалағай болатын. Олар соғыс жөнінде және метрополиядан бөліну жөнінде ойланған жоқ. Бұл Конгреске дейін Франклин 1748 жылы федерацияның жобасын жасаған еді. Бірақ Англия оны кейінге қалдырып, ортаға салған жоқ еді. Ол мемлекеттің негізгі принциптерінің бірі – халықты бөліп басқару принципі. Сондықтан отарлардың арасында бытыраңқылық болуы заңды.

Конгресс отарлар мен метрополияның арасындағы қайшылықты бейбітшілік жолымен шешкісі келді, сондықтан олар корольге өте жұмсақ әдіс қолданды. Оның белсенді шарттарына тек ағылшын тауарларына басталған бойкот және Конгрестің қабылдаған екі актісі жатады. Негізінде 1774 жылы 28 наурызда Конгресс метрополиядан бөлінуге қарсы екенін айтты. Бұдан кейін олар Англияға қарсы қарулана бастады, қару-жарак жинап, әскери оқулар өткізді.

1774 жылы 28 науырызда Виргиния Ассамблеясының мәжілісі болды. Онда Патрик Генри сөз сөйледі. Оның "Бостандық немесе өлім" деген сөзі әр адамның жүрегіне жетті. Осыдан кейін Генридің аты аңызға айналуының, негізі бар. Егер Американ әскерінің қолбасшысы Джордж Вашингтон төңкерістің семсері болса, Патрик Генри оның көркі, ал Томас Джефферсон ақылы болды.

Буржуазияның жоғарғы топтары, плантаторлық басшылықтары метрополиямен тіл табысуға алып келді, бірақ халықтың көбі қарулы күреске дайындала бастаған еді.

1776 жылы 10 мамырда Филадельфияда екінші Континентаддық Конгрес ашылды. Бұның жұмысы 1779 жылға дейін созылып, ол революцияның негізгі өкіметі болып қызмет етті. Ол қарулы күштің тиянақты қалыптасуы жөнінде шешім қабылдады. Д. Вашингтон әскердің басшысы болып тағайындалды, ол өзінің 2 млн. долларын қарулы күштің қолбасшысы болып тағайындауға жұмсады. Оның соғысқа қатысқан белгілі тәжірибесі бар еді, ол плантаторлардың басынан жеті жылдық соғысты өткізген болатын. Ол әскердің генералитетіне сайланды. Екінші Конгресс тұсында соғыс тоқтаған жоқ. Конгрестің бірінші актілері оның қызметінің қайшылықтарын көрсетеді. Депутаттардың бір тобы Англиямен тіл табысып, жұмыс істеген дұрыс деп есептеді. Бірақ отарлардағы жағдай, халықтың өзі Конгресті белсенді төңкерістік әдістерді қолдануға мәжбүр етті. Отарлардың көбі өздерін республика деп жариялады.

Король Георг-IV барлық отарлардағы жағдайды бүліншік жағдай деп хабарлап, 2000 әскерді іріктеді, жалдамалы негрлер мен үндістерді де әскерге қатысуға тартты. Бұл соғыс феодализмге қарсы күрестің қаруына айналды. Соғыс бір елдің екінші елге немесе езушінің езушіге қарсы күресі ғана емес, оның қозғаушы күші. Төңкеріс әскерінің негізгі элементі фермерлер, қол өнершілер, жұмысшылар. Төңкеріс басшылары, тура оның түпкі шешіміне тен болып келеді, олар солтүстік және оңтүстік плантатор, көпестердің қолында. 1775 жылы сәуірде Англия мен оның отарларының арасында ашық соғыс басталды. Бұл соғыс прогрессивтік, әділетті соғысқа жатады. Америка халқы ағылшын қарақшыларына, құлдыққа, отарлауға, езгіге қарсы шықты.

Англияға қарсы соғыста ішкі реакция мен феодалдық элементтер роялистер, ірі жер иелері, жоғарғы қызметкерлер, ағылшын шіркеулерінің иелері, отарларға үстемдік етушілерге қарсы күреспен ұштасты. Бұл күрес роялистердің жерін терісілеуден басталды, ажырамайтын туыстас атақтар өзгертілген еді. Ағылшын корольдік жері де төркілеуге ұшырады. Тәуелсіздік

үшін болған бұл соғыс мәні жағынан буржуазиялық болып табылды. Америка отарларының ағылшындарға қарсы күресі жеңіспен аяқталды.

Революциялық күшпен екінші Континенталдық Конгресс 1776 жылы 4 шілдеде отарлардың метрополиядан бөлінуін ресми түрде жариялай-тын тәуелсіздік Декларациясын қабылдады. Декларация бүкіл Еуропаға және басқа мемлекеттерге әсерін тигізді.

Бұл Декларацияны жазуға бес адамнан комиссия құрылған болатын. Оны басқарған 30 жастағы бай плантатор Томас Джефферсон. Ол француз философтарының ілімін американың соғыс жағдайына лайықтап қолданды. Декларация Америка халқының бостандық және демократия туралы көз қарасын сұлу, түсінікті тілмен құжатқа аударды. Декларацияның авторлары құлдыққа және корольге деген қарсылықты белсенді түрде көрсеткісі келгенімен, оңтүстіктің плантаторлары қарсылығын Декларацияға кіргізе алған жоқ.

Тәуелсіздік Декларациясы үш бөлімнен тұрады. Біріншісінде Декларацияда ағылшын королінің қателері мен қиянаты туралы айтылса, екінші бөлімінде адамның табиғи бостандықтары мен құқықтары туралы, ал үшінші бөлімінде АҚШ дербестігі мен тәуелсіздігі туралы тұжырым жасалады. Адам баласының пікірімен санаспаушылық оны бөлінуге итермелейтін себептерін түсіндіруге міндеттейді.

Біз мынандай шындықты ақиқат деп есептейміз: адамның барлығы да тең болып жаралған, олардың бәрі де жасаған ие алдында кейбір ажырамас құқықтарымен қамтамасыз етілген. Олардың қатарында өмір сүру, бостандыққа және бақытқа ұмтылушылық бар. Бұл құқықтарды қамтамасыз ету үшін адамдар арасында мемлекет құрылған, оның қарауындағылардың келісімімен берілген әділетті өкіметі бар. Егер басқарудың бұл нысаны олардың мақсаты үшін қауіпті болатын болса, бұл жағдайда оны өзгертуге немесе жоюға және жаңа үкімет құруға құқықты.

Бұл отарлар ұзақ уақыт шыдамдылықпен түрліше қысымшылыққа төзіп келді, мұқтаждық қазіргі басқару сынасын өзгертуге мәжбүр етеді. Бұл шарттар бойынша рақымсыз тәртіп орнатқан Ұлыбританияның қазіргі королінің тарихы тежеусіз әділетсіздікке толы.

Дәлел ретінде әділ дүниенің талғамына төмендегі фактілерді ұсынамыз: әлгі ағылшын королі барынша пайдалы, ері жалпы игілік үшін қажетті заттарды бекітуден бас тартып келеді.

Ол бұл штаттарды қоныстандыруға кедергі жасауға тырысты. Оның мұнда жібергені халықты тонайтын және оның қанын сүлікше соратын қызметкерлер топтары. Ол мынандай актілерді бекітті: дүниенің барлық бөліктерімен біздің саудамызды тоқтату; біздің келісімсіз бізге салық салу; ол бізді теңізде де тонады, жағаларымызды қаңыратты, азаматтарымызды өлтірді.

Сондықтан біз, Америка құрама штаттарының өкілдері, ортақ Конгресске жинала отырып, осы отардың халқы атынан, халқы тапсырған уәкілдікпен біз құрама отарлар мені және құқығы жағынан азат әрі тәуелсіз штаттар болуға тиіс деп жариялаймыз. Бұлар Британия тағының қайсысынан

болса да азаматтығынан босанады және бұлардың Ұлыбритания мемлекеті арасындағы қандай да болсын саяси байланыс үзіледі.

Бұл "заңды үкіметке" қарсы халық көтерілісінің манифесі болды. Ұлыбритания 9 млн. халқы бар, бүкіл дүниежүзілік деңгейдегі ірі мемлекет. Оның күшті әскері, флоты, отарлары, экономикалық қоры бар. Америкада 2,5 млн. адам тұрады, ал әскері тек қана 5000 адам. Отарларда арнайы әскер, флот болмағаны мәлім.

1775 жылы сәуірде колонистер шоғырланған, бір орталыққа бағынған 30000 әскер құра бастады. Әрбір отар өзінің әскерін жабдықтады.

1775 жылы 19 сәуірде колонистер мен ағылшындар әскерлерінің арасында ашық қозғалыстар басталды. Америка революциясы халықтың ұлт-азаттық күрес сипатында болды. 10 мамыр күні Филадельфияда екінші Құрылықты Конгрес ашылды, ондағы мнәжіліс үзіліссіз 1779 жылға дейін созылды. Төтенше жағдайдың күшімен консультативтік орган Конгреске өзгеріп кетті де, барлық отарлардың өкілдерінің жиналысына айналды. Ол федеративтік революция үкіметінің қызметін орындады. Полковник Вашингтон қолбасшы болып сайланды. Маусым айында өз еріктерімен әскерді құру жөнінде хабарландыру болды. Бұған жауап ретінде король отарларды бүліншік жағдайда деп хабарлады. Конгрес депутаттарының жартысы Англиямен болған таласты компромисс арқылы бейбіт жолмен арттыруға болады деп есептеді. Конгрестің көп шешімдері көмескі (тиянақсыз) бодды, себебі буржуазия өкілдері мен ақсүйектер халықтан қорықты.

Бірақ сол жағдайдың өзі революциялық қимыл жасауға мәжбүр етті. 1776 жылдың жазында көп отарлар өздерін республика, штат деп жариялады. Конгрес ағылшынның сауда жөніндегі заңдарын өзгертіп, роялистердің жеке меншігін тәркілеуге ұшыратты.

1776 жылы 1 шілдеде Конгрес тәуелсіздікті жариялау жөніндегі мәселені талқылауға көшті. Бұл құжатты дайындауға атсалысқан комиссияның барлық мүшелері, оның авторы Виргинияның жас адвокаты, ірі жер иесі Томас Джефферсон болды. Ойшыл ретінде оған теңелер адам табылған жоқ, ол Д. Локктың өмірдегі нақ құқықтық теориясын, ондағы еркіндік пен меншік теориясын бойына сіңірді. Декларация Джефферсонның тек көп оқығандығының жемісі ғана емес, ол өз еңбегінде Америка отарларының ең мықты тәжірибесін, олардың демократиялық дәстүрлерін де қамтыды. Барлық патриоттық қозғалыстың ұраны: "Өкілдіксіз салық жоқ". Бұл ұранның маңызы отарлық саясатқа қарсы қозғалыстың маңызымен бірдей, бірақ әлі кемеліне келмеген, енді ғана алғашқы тожірибелерден орнықты жетістіктер қарастыруда.

Джефферсон осы декларацияны жазғаннан кейін данқтылықпен пайдаланды, қайраткерлердің көбі оның белгілі адам болғанын көре алмады, қызықты, ал кейбірі тәуелсіздік декларациясының рөлін төмендетуге тырысты.

Бұл АҚШ тарихындағы алғашқы мемлекеттік ресми құжат. Оның прогрессивтік мәні де осында. Тәуелсіздік декларациясы ағылшын

королінің зорлық-зомбылығын теріп, адам құқығының бұзылуын мәлімдей отырып, бұдан былай отар ел өзінің бостандығы мен тәуелсіздігін алуға тиіс деп есептейді. Олар соғыс жариялауға, бейбітшіліктің болуына, одаққа кіруіне, сауданы жүргізуге және кезкелген актілер істеуге, яғни тәуелсіз мемлекеттің қалған құқықтарына да кіруге толық құқықтары бар. Декларацияның қабылданғаны жөніндегі хабар қуанышпен қарсы алынды. Яғни, салюттер атылып, қоңыраулар соғышып, халықтың көңіл-күйін көтерді.

1776 жылғы 4 шілдеде - АҚШ-тың мемлекеттік мейрам күні. Қарапайым, түсінікті нысандағы декларация Америка халқының демократия мен бостандығын білдіреді. Оны салют атылғанда, қоңырау соғылғанда оқу дәстүрге енген.

"Біз айқын шындық деп мыналарды есептейміз: барлық адамдар тең жаратылған, олар дарынды және өздерін жаратқанда кейбір айыруға болмайтын құқықтары бар, олар - өмір сүру, бостандық, адамның бақытқа жету жолы. Бұл құқықтарды қамтамасыз ету үшін олардың әділ билігі мен басқаруға мүмкіндігі болуы керек.

Егер мемлекеттің басқару нысаны бұл мақсатты апатты жағдайға әкелсе, онда халықтың өзгертуге және ондай билікті құртуға құқығы бар. Басқадай үкімет құруға, халықтың қауіпсіздігі мен бағытына мүмкіндік туғызуға болады. Қиянат етуге және озбырлық жасауға келгенде өзгеріссіз бірінің артынан бірі келеді, мұндай жағдайда халықтың үкіметті тежеуге құқығы бар.

Қазіргі Ұлыбритания королінің тарихы озбырлықпен, әділетсіздікпен құрылған. Біз, АҚШ-тың өкілдері, Конгреске жиналушылар, дүние жүзіндегі барлық жоғары соттарды жинай отырып, халық өкілдері атынан қосылған бұл отарлардың мәні мен құқық жағынан дербес тәуелсіз штат болуын хабарлаймыз. Сол уақыттан бастап олар Британ азаматтығынан босатылады және арамыздағы әртүрлі саяси өкімет пен Ұлыбритания мемлекеті бір-бірімен араласпайды. Бостандығы және тәуелсіздігі бар штаттар соғыс ашу, бейбітшілікті қорғау, одаққа кіру, сауда жасау, басқа да тәуелсіз мемлекеттер сияқты құқықтарға ие".

Декларация-адамзат тарихындағы бірінші конституциялық хартия, мұнда халықтың егемендік санасы, халық өкіметін құлату және төңкеріс кезіндегі халықтың құқығы туралы жазылған. Оны 55 адам қабылдады: 13 көпес, 8 плантатор, 28 адвокат, 7 ерікті кәсіп өкілдері.

Декларация барлық жағынан жүйелі болған жоқ, оның жүзеге асыру жолы айтылмаған. Ол артына құлдық тарихының фактісін қалдырды, яғни, Америка буржуазиясы өз уақытында құл иеленуші плантаторларға қарсы шықты. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтары реттелген жоқ.

Сонымен, тәуелсіздік ресми түрде жарияланды да, өкімет ұлттық буржуазия мен плантаторларға берілді, Американы өз қолдарына алған осылар. Тәуелсіздік жарияланғанына 13 дүркін салют беріліп, король Георг-Үшінші аттылы мүсіні тұғырымен лақтырылды, оның темірі Америка әскерінші оғын құю үшін ерітілді.

1787 ж. АҚШ конституциясы және 1791 ж. құқықтар туралы Билль

1781 жылғы конфедерацияның баптары

1781 жылғы конфедерацияның баптары-АҚШ-тің бірінші конституциясы. 13 штат мемлекетаралық одақ құрды. Әрбір штат егемендігін сақтады, ол тәуелсіздікті, басқа да өкімет билігін сақтады, өздерінің парламенті, өкіметі, конституциясы болды.

Штаттағы барлық істі меңгеру үшін жыл сайын бір палаталы Конгресс құрып, белгілеп отыру қолға алынды. Конгресте дауыс бергенде әрбір штат бір дауысқа ие болды, ал делетаттардың саны екіден жетіге дейін болатын. Конгресте шет ел істері жөніндегі мәселелерді шешу үшін 9 дауыс керек еді. Конгресс сессиялық тәртіппен жұмыс істеп, арасында үзілістер жарияланатын. Конфедерацияның баптары туралы Вашингтон құмнан істелген арқан деді, бұл тұжырым конфедерацияның әлсіздігін көрсетті. Конфедерация тек ірі үш мәселені қарайтын: шет елдермен қарым-қатынастар, әскер және жалпы ақша мәселелері. Ортақ өкімет өте әлсіз болып құрылды. Әрбір штат өзінің тәуелсіздігін жоғалтқысы келген жоқ. Бірақ Англия АҚШ мемлекетінің егемендігін тек қана 1783 жылы Версаль қаласында бекітті. Сондықтан конфедерацияның жиналған жалпы әскерді басқару үшін және басқа да айтқан маңызды мәселелерді шешу үшін мәжбүр болғаны мәлім.

АҚШ конфедерация режимі құрылғаннан кейін халық демократияландыру процестерін пайдаланып, өздерінің құқықтарын қорғай бастады. Америкада наразылықтарын білдіру үшін манифестациялар өткізілді. Бұл қозғалыстардың шарықтау шегі – Данниэль Шейстің көтерілісі.

1787 жылғы Конституция. Жаппай халық қозғалысы барлық жағынан айқындалып, ол тек ортақ өкіметтің әлсіздігін ғана емес, сондай-ақ оған төнген қауіпті де көрсетті. Сондықтан буржуазия мен плантаторлар мемлекеттік құрылысты, біріккен отарларды өзгертуге шешім қабылдады. Бұл жоспарды іске асыру Конвенттің құрылтайына тапсырылды да, ол 1787 жылы жиналды. 55 делегат – оның құрамына 24 қаржы қызметкері, 11 кеме ұстаушы, 15 құл иеленуші кірген. Конвент мәжілісі халықтан жасырын өткізілді. 1787 жылғы Конституция саяси автономияны-штатты жоя алған жоқ. Бірақ оған күшті орталық билікті қарсы қойды. Конфедерация толық федерацияға көшті. Негізінде Конвент жаңа Конституцияны жазу керек деген тапсырма алған жоқ. Олар Конфедерацияның баптарына кейбір өзгерістер кіргізуге тиісті еді. Ал олар жаңа Конституция жазып шығарды. Шынында Конвенттің жаңа Конституция жазуға құқығы жоқ болатын.

Бұл конституцияның бірнеше прогрессивтік жақтары бар: ол буржуазиялық төңкерістің бірінші көлемді құжаты, бұл конституция тарихта бірінші рет президенттік республиканың басқару нысанын бекітіп, федеративтік мемлекеттің саяси режимдерін көрсетіп жазды.

1787 жылғы Конституция штаттағы одақты күшейтіп, тиімді федералдық үкіметті құруға тиісті еді. Конвентке қатысушылардың қарастырған барлық проблемалары үлкен дискуссияның тақырыбы болып

табылды. Олардың конституциялық теория мәселелеріне деген дайындықтары жоғары деңгейде болатын. Соның нәтижесінде жаңа федералдық конституцияның жоғарғы дәрежедегі өзіндік және байланыс жобасы дайындалды. Азаматтардың бостандығы мен құқығы жөнінде дербес бөлім жоқ болғанымен, кейбір конституциялық кепілдіктер белгіленген заңның қарсы күшін тоқтату және жазасыз сот, қылмыстық істегі машықтанған соттың кепілдігі, мемлекетке опасыздық жасау туралы түсінікке шек қойылды. Мемлекеттік лауазымға қояр алдында оның дінмен байланысына, сеніміне тыйым салынды.

Конституция АҚШ-тың барлық аумағында буржуазиялық-демократиялық құрылысты бекітті.

Халық атынан ресми түрде дворянның лауазымы мен атағы өзгертілді, сословиелік жеңілдіктер жойылып, өкілдік басқарма принциптерін дәйекті түрде жүргізді, биліктің тепе-теңдігімен бөлінуі, штаттың бұлжымас саяси одағы тиімді федералдық заң шығарушылармен қамтамасыз етілді. 1787 жылғы Конституция - Америка буржуазиялық революциясының жоғарғы шарықтау шегі. Конституция мемлекетті мақұлдау және саналы басқару идеясы туралы айту керек еді.

АҚШ Конституциясы

Конституцияның алғашқы бөлігі Ньютонның физикасы сияқты әрі ғылыми, әрі рационалды кішігірім преамбула мен үлкен мақаладан тұрды. Оған қосымша ретінде 26 түзету алынған. Бірінші 10 түзетуде жалпы алынғанда "Құқық туралы Билль" деп аталады. Бұл түзетулер 1791 жылы алынды. Бұдан басқа 16 түзету қабылданған, олардың арасында ең маңыздысы-13, 14, 15 баптар. Бұл баптар АҚШ-тағы құлдықты құртты.

Преамбуласында Конституцияның мақсаты анықталған – штаттың одақтары құрылды. Конституция 7 баптан тұрады: 1-АҚШ Конгресі; 2-АҚШ Президенті; 3-АҚШ сот билігі; 4-штатпен федерацияның өзара қарым-қатынастары; 5-түзетулерді енгізу реті; 6-конституцияның жоғарғы принциптерін тағайындау; 7-Конституцияны бекіту реті.

АҚШ Конституциясы негізгі үш принципті бекітеді. Ең алдымен АҚШ мемлекетінің негізгі принциптеріне өкіметтің бөлінуі жатады. Конституцияға Локк және Монтескьенің өкіметті бөлу жөніндегі идеялары кірген. Мұндағы сөз тар мағынада-көлбеу принципімен: заң шығарушы билік, атқарушы билік және сот билігі болып бөлінеді. Осы негізгі принцип өрбір федерацияның субъектерінде де қолданылады. Таза догматтар америкалық концепция өкіметке бөлінген, бұл төмендегіше жинақталды деп көрсетіледі. Мемлекетті басқару саласының қызметі заң шығару, сот, атқарушы билік болып үшке бөлінеді.

Әртүрлі міндеттерді іске асыру барысында үшеуіне де, түрлі басқарма бөлімшелеріне де лайықты болып келеді. Бұл бөлімшілер конституция бойынша тепе-тең және бір-біріне тәуелсіз. Әртүрлі тәртіп бойынша қалыптасқан мемлекеттік органдар, олардың өкілдік мерзімінен, бағыныштылығымен тығыз байланысты. Мұндағы негізгі рөлді жүйенің

шыдамдылығы мен қарама-қарсылығы атқарады. Оның мәні, әрбір биліктің, Конституцияға қарсы көрінуі мүмкіндігінде жатыр.

Конгресс президенттің заң ұсыныстарын кейінге қалдыруға, федералдық лауазымды қабылдауға, импичмент тәртібімен президентті сотқа тартуға құқылы. Президентке берілген құқық – тыйым салу. Жоғарғы соттың мүшелері Президент пен Сенаттың бірігуі арқылы тағайындалады, оның жұмысы Президентке де, Конгреске де қатысты емес, кейбір жағдайда импичментке шығуға мүмкіндігі бар.

Конституцияның негізгі екінші принципі – федерализм, яғни, биліктің жоғарыдан төмен қарай принципімен бөлінуі. Штаттар мен Одақ арасындағы міндеттер айқын ажыратылған. Ол одақтың қызметіне қатысты мәселелерді қамтыды. Конституцияның негізгі үшінші принципі – Конституцияның үстемдігі. Конституция "елдің жоғарғы құқығы" ретінде жарияланады, бұл федерациялық штаттың децентралистік үрдістері мен бірігуіне қарсы бағытталған.

АҚШ президенті атқарушы билікті басқарады, төрт жылға сайланады. Президент қайтыс болып немесе қатты науқастанған жағдайларда да бұл мемлекетте жыл толғанша сайлау өткізілмейді, Президенттің орнына кім тағайындалатынын Конституцияда анық белгіленген: Вице-Президент, одан кейін төменгі палатаның төрағасы, мемлекеттік хатшы, ж.б. Президент орнына ұмтылған кандидат АҚШ азаматы, 35 жасқа толған, Америкада тұрақты 14 жыл тұрған болуы керек, оны Вице-Президентпен бірге дережелі сайлайды. Алдымен 538 адам сайлаушыларды сайлайды (100 адам) Сенат, 438 төменгі өкілеттер палатасы), осы алқа саяси тізім бойынша қатаң партиялық тәртіппен Президенттің өзін сайлайды.

Конституцияның бірінші бөлімінде барлық заң шығарушы құқықтар АҚШ Конгресіне берілген, олар Сенаттан және өкілдер палатасынан тұрады. Парламенттің құрылысы мемлекеттің федеративтік құрылысын көрсетеді. Өкілдер палатасына 25 жастағы адамдар сайланады, олар екі жыл бойы қызмет істейді. Бір сайлау округіне кіретін сайлаушылар саны 30000. Сенатқа әрбір штат екі сенатордан сайлайды, 1913 жылдан бастап сенаторлар 17-бап бойынша сайлаумен бекітілетін болды. Сеналың төрағасы Вице-Президент. Сенаторлардың үштен бірі екі жылға, үштен бірі төрт, ал қалғандары жеребемен алты жылға сайланады. Сенат өзіне жүктелген жұмыспен бірге Президентті де тексеруге құқы бар. Сенаторлардың үштен екісінің қолдауымен өкілдер палатасы президентті кінәлауға, орнынан алуға құқықты. Сенат президентке шарт қою кезінде келісімін береді, әрі Жоғарғы сот мүшелерін тағайындай алады. Өкілдер палатасымен салыстырғанда Сенаттың өкілеттілігі үлкен. Конгресс сайлаудан кейін желтоқсан айының соңында бірінші рет жиналады.

Конгресс баж салығын жинауға, төлеуге, акциз кепілдікті төлеу, шетел мемлекеттерімен, әртүрлі штаттармен және үндіс тайпаларының арасында сауда жүргізуге мұрындық болады. Ол Жоғарыдан төменге дейінгі соттарды қабылдап, соғыс ашу, әскер жинау және құру, флот біріктіру, елдегі заңды

орындайтын милиция құру, басқа да мүмкіндіктер туғызу жұмыстармен айналысады. Конгресс кіріс салығын тағайындай алады.

Президент төрт жылға сайланады, ол атқарушы билікті басқарады. Президент лауазымды орынға қызметкерлерді тағайындау үшін Сенаттың келісімін алуы керек, үлкен халықаралық шарттарға қол қояр уақытта сенатрлардың үштен екісі қатысып отыруы шарт.

Сот органдары жергілікті және федералдық сот болып бөлінеді. Конфедерация тұсындағы сот билігі егемендік белгісі ретінде федерацияның субъектілерінде қалды, ал федерация тұсында құрылған штаттарда сот биліктің жартысы ғана қалды. АҚШ соты штат соттарының турасындағы жоғары және оның сапасының бірінші инстанциясында халықаралық құқыққа қатысты барлық істерді қарайтын болды. Штаттардың талас мәселелерін федералдық сот қарайды.

Конституцияға қабылданған түзетулерді үш топқа бөлуге болады: бірінші 12-түзету штаттың және жеке адамның құқықтары үшін болған күреспен байланысты, 13-15 түзету XIX ғасырдың алпысыншы жылда-рында құлдықты жою жөнінде әр түсті азаматтардың сайлау құқықта-рын ұсыну және XX-ғасырдағы демократиялық түзетулер Конгрестің салық көбейту жөніндегі 1913 жылғы, 16 түзету Сенатты сайлаудағы өзгерістер туралы. 1917 жылда тікелей сайлау енгізілді, 1920 жылдарда заң бойынша әйелдерді сайлауға құқық берілді.

АҚШ Конституциясы-буржуазиялық мемлекеттің бірінші жазылған Конституциясы, ол 1787 жылы 12 қыркүйекте Филадельфия Конвенті негізінде жасалып, 1789 жылы 4 наурызда күшіне енді.

АҚШ-тың бірінші Конституциясы-халықаралық құқықты қамтитын федеративтік республиканы бекітті. Қабылданған Конституцияға бұрынғы ағылшын отары негізінде құрылған тәуелсіз 13 кішігірім мемлекеттің кіруі бекітілді. Бұл одақтың құрылуына ғасырдың идеологиялық, елеуметтік, саяси, экономикалық қажеттілігі де әсер етті.

Жергілікті халықтың қоғамдық көзқарасы мемлекеттің жас қорғаушылары мемлекеттің бірлігін өте қиын жағдайға өткізді, олар конституциямен бірге конфедерацияның баптарын да талап етті.

55 делегаттың ішінде Джордж Вашингтон, Гамильтон, Франклин, Мэдисон, Вильсон тәрізді қайраткерлер болғандығы мәлім. Әртүрлі жағдаймен қатыса алмаған Джефферсон, Патрик Генри, Джон Адамс тағы басқа да радикалдар болды. Оның әлеуметтік құрылымына көңіл бөлсек, оның аралығында тек бай адамдар, плантаторлар, құл иеленушілер, банкирлер, бағалы қағаз ұстаушылар болды. Бірақ бұлардың арасында біржақтылық, бірізділік болды деп айту қиын.

Конституцияның бағасы мен маңызы жөнінде ағылшын әдебиетінде екі түрлі көзқарас ағым пайда болды, біреулері мақтаса, екіншілері даттады. АҚШ-тың негізгі заңында методологиялық жағы да айқын көрінді. Сондай-ақ ағылшын Конституциясының кейбір елдерде буржуазиялық демократия үстем етіп тұрғанда құрылғандығын естен шығармау керек. Ол кезде Еуропада тәуелсіздік үшін соғыс жүріп жатқан еді, сол ғасырдың позициясы

болған Конституция құқық мәселесіндегі демократиялық құжат, Конституцияны жасаушылар белгілі бір саяси құқықтың принциптері мен нысандарын қалыптастырды, ол Америка саяси жүйесінің негізі болып табылады. Бұл конституцияда бірнеше негізгі принциптер бекітілген, олардың бірі-республикалық принципі. Конституция жасаушылар монархиядан бас тартқысы келді, оны жек көрді, олар үшін монархия ағылшындардың зорлық, зомбылығының керінісі еді. Олардың ойынша мемлекетті тек қана білімді адамдар басқара алады, ал оған тек аристократтардың күштері жетпейді. Республикалық нысанның астарында сайлауға жауапты болатын билік жатты. Олар бір-бірімен байланыста болып, халықтың мемлекеттік іске араласпауын қадағалады. Халықтың тек сайлауға ғана қатысуына мүмкіндігі бар, онда да қызметіне байланысты. Олардың негізгі мақсаты тандаулы республика жасау еді.

Меншік пен бостандықты қорғау. Конвент делегаттары бостандық пен меншіксіз өмірдің мәні, адамдардың құнды өмір сүруіне ешқандай мүмкіндігі жоқ екенін түсінді. Сондықтан олар барлық адамдардың теңдігін, ажырамайтын құқықтарын дәйектеді.

Қоғамдық шарт.

Г. Гроций, Дидро, Ж. Ж. Руссо идеяларын Конвенттің делегаттары Американың жағдайына сәйкес келтірді. Мемлекетті басқару-халықтың үкіметпен шарттасуы жағдайында қаралады, ол нақ ажырамайтын құқықтардың болуын да қамтамасыз етуі керек.

Бикамерализм.

Сайлаудың екі палаталы құрылысының мәні бар, өйткені отарлардың көпшілігі екі палаталы легислатура, ал континенттік және конфедералдық Конгрестер бір палаталы болып келеді.

Тәуелсіздік жарияланғаннан кейін Пенсильвания мен Джорджия штаттарынан басқаларында екі палаталы легислатура болды.

Конституция жасаушылардың саяси түсінігіне есер еткен ағылшын мемлекеттік палатасы. Ондағы атақты палаталар екеу: лордтар және қауымдар палаталары.

Олар Конгреске ақсүйектерді енгізу дұрыс деп есептеді. Бикамерализм кіріспе мемлекеттік құрылыстағы федеративтік нысанда айтарлықтай дәрежесі болды.

Федерализм. АҚШ мемлекеттік құрылысының ерекшеліктеріне федерализм принципі жатады. Американың федерациясы жылдам және қайшылықсыз туды деп ойласақ, біз қателесеміз. Бұл мәселелер талқыланған кезде өте өткір және қайшылықты жағдайлар туды. Бұндай күрделі жағдайға әкелген маңызды себептер үшеу: ағылшын мемлекетінің бір орталыққа бағынған басқару әдістері халықты жек көретін етті, әрі оны қорқытып тастады. Отарлар тәуелсіздігін жариялаған кезде мемлекеттік басқару солардың штат шекарасы бойынша құрылған болатын. Конституция алынғанша жалпы орталық ұлттық басқару органдары болған жоқ. Осы үрдістер Конституция дайындалған кезде мықты федерацияға қарсылық туғызды, мықты жалпы федеративтік органдар жергілікті басқару

органдарын езіп, өздеріне бағындырады деп саналатын. Екінші жағынан конфедерация арнауының бастығын бәрі түсінді, әсіресе салық жинау мен штаттар арасындағы сауда мәселелері өте шиеленісті әрі реттелмеген еді. Сондықтан экономикалық және саяси бейберекеттік жағдайды дұрыстау үшін радикалдық шара қолдану керектігін бәрі толық түсінді.

Мемлекеттік құрылыстағы федеративтік нысан буржуазия мен құл иеленушілік таптың ымырасының, халықтың наразылығы мен конфедеративтік ырын-жырыңының нәтижесі болып табылады. Бір орталыққа бағынған өте табанды мемлекеттік аппараттың өз жағдайын нығайтып, халықты жуасытуына мүмкіндігі бар. 13 штатты біріктіру мемлекеттік жағдайда үлкен тарихи маңызы бар іс болып саналады. Бұл дүниежүзі тарихындағы бірінші буржуазиялық федерация.

"Конституция негізін салушылар" бір уақытта мемлекеттің біртұтастығы мен тиімділігін арттырып отырды. Одақтағы федералды үкіметке штаттардан сыртқы және ішкі саяси өкілді делегат етіп жіберді. Конституция дуалистік федерализм жүйесін одақтың және оның құрушы штаттың міндеті негізінде орнатты. Сонымен, Конституция ұлттық күшті өкіметті құрды. Оның өте күшті, бірақ шектелген құқықтары болатын. Бірақ штаттар да тәуелсіз егеменді мемлекеттер ретінде бекітілді, бұл жағдай Биллдің құқық туралы 10 түзетуінде реттелген. Осы штаттар мен федерацияның арасындағы қайшылықтарды федеративтік сот шешетін болды. Ол осы күрделі мемлекеттік жүйесінің арбитрі, Ұлттық Конгрестің заңдарын Конституцияға қарсы деп жоюға оның құқығы бар, ал екінші жағынан штаттардың сайланған жоғары Заң шығару органдарының шешімдерін Конституцияға қарсы деп жоюға құқықты. 8-тараудың 1-бабында құқықтың басқару, реттеу саны берілген, ал қалғандары штаттың қызметі. Жоғарыдағыларға қосымша Конституция мынандай жағдайды қамтиды:

1. Кейбір мәселелерді бірнеше өкілдер қосылып шешеді.
2. Конституция жарлықты қамтамасыз етеді, сондай-ақ белгілі бір іске тыйым салуды қарастырады.
3. Конституция Одақтың барлық іске араласуына қарсы.
4. Штаттардың Одаққа кіруіне, федералдық заңды орындамауға федералды Конституцияны бұзуға, халықаралық келісім жасауға, ақша шығаруға, заң қабылдауға, азаматтардың тең құқықтышығына, экспорт-заттарға салық салуға тыйым салынды.

Конституцияның қатаңдығы.

"Конституция негізін салушылар" Конституцияның қатаңдығын, тұрақтылығын 5-бапта атап айтады. Конгреске екі палатаның үштен екі мүшесі кіргенде ғана конституцияға түзету енгізуге болады. "Конституция негізін салушылар" олардың құрылысының беріктігін қалады. Америка Конституциясының қатаңдығы буржуазиялық конституционализм дамуының ең жаңа түрі болды. Халықтың егемендігінен конституцияның қатаң болу қажеттігі туды – оны тек халық қана өзгерте алатын еді. Өкіметтің билігінің

бөлінуі – бұрыннан келе жатқан принциптерінің бірі. XVII ғасырда ағылшындар, ағылшын колонистері француздардың саяси ойы мен американың әдістерін жетілдірді.

Конституцияны жасаушылар мемлекеттік жоғарғы органдарының Конгресс, Президент, Жоғарғы Сот қарым-қатынасы мен құзыретін негізгі мәселе етіп қойды. Бір ағаштың үш бұтағы сияқты, басқарудың да үш түрі бар. Америкалық нұсқа бойынша ол мынандай болып бөлінеді: Барлық үш бұтақ та әртүрлі негізде құралған: өкілдер палатасын сайлаушылардың корпустары сайлайды, Сенатты-легислатурлар, Президентті екі сатышы сайлау белгілейді, сайлаушылар сайлау алқасын сайлайды, ал бұл алқаны белгілейтін Президенттің өзі. Жоғарғы Сотты Президент Сенаттың келісімімен тағайындайды. Мемлекет өкімет мүшелерінің қызметін әртүрлі мерзімде 2-4 жыл аралығында атқарады. Сенат ер екі жылда, Президент төрт жылда сайланады, ал Жоғарғы Сот мүшелері өз міндеттерін өмір бойы атқарады. Биліктің үш бұтағы бір-бірін шектейді: Конгрестің заңдарына Президент қолын қойып, бекітеді, кейінге қалдыруға да құқығы бар. Сенат Президенттің тағайындаған адамдарына келісім беруге құқығы бар. Конгресс Президентті тәртіпке тартуы да мүмкін, кейбір жағдайда Сенаттың келісімі бойынша оны орнынан алып тастауға да жағдайы бар.

Азаматтардың бостандық пен құқықты қорғауы

Конституцияға қосымша 1791 жылы "Құқық туралы Билль" деген заң қабылданғаны белгілі. Ол он түзетуден тұрады, олардың бәрін Конгресс бір мезгілде қабылдаған.

ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ БИЛЛЬ (1789, 1791 ж.ж.) АҚШ

Бірінші он түзету.

I. Конгресс белгілі бір дінді орнатуға немесе оған кедергі келтіруге арналған немесе сөз еркіндігін, баспа еркіндігін шеттететін заң шығарылмайды. Енді халық бейбіт түрде жиналып өкіметке өтінішпен бара алады.

II. Егер мемлекеттің қауіпсіздігі үшін милиция керек болса, онда халықтың қару табуы шектелмейді.

III. Бейбіт кезде¹ ешбір жауынгер кез келген үйдің иесінің келісімінсіз ол үйге кіре алмайды. Ал соғыс кезінде заңда бекітілген жолмен ғана кіре алады.

IV. Халықтың жеке меншігін, үйін, құжатын мүлкін себепсіз тексеруден, тұтқынға алудан қорғануға құқығы бар. Тексеру, тұтқынға алу ордері тек себептер және антпен дәлелденген болуы керек. Және онда тексеруге жататын жер немесе тұтқынға алынатын адам нақты көрсетілуі керек.

V. Ешкім үлкен жюриден шығатын адамды қылмыс істегені үшін жауапқа тарта алмайды, егер ол құрғақ және теңіз күштерінде, милицияда немесе соғыс кезінде болмаса. Ешкім жасаған қылмысы үшін екі рет жауапқа тартылмайды. Қылмысы болмаған жағдайда ешкім зорлап мойындатқыза алмайды.

VI. Әрбір қылмыстық тергеуге айыпкер жедел сот сұрауға болады. Айыпкер қылмыс жасаған жерде сол қылмысты көрген куәгермен бетпе-бет кездесуге құқығы бар. Айыпкер адвокатпен қамтамасыз етілуі керек.

VII. Егер жасаған қылмыс жиырма доллардан асса, онда ол істі сот карауға тиіс. Бір қылмыс екі рет АҚШ сотымен қаралмайды.

VIII. Үлкен мерзімді жаза қолданылмайды және ауыр жаза да қолданылмауы керек.

IX. Конституцияда айтылатын заңдар басқа заңдарды кемітіп немесе жоққа шығаратындай болып жазылмауы керек.

X. АҚШ-пен берілген өкілдік халық пен штаттардың қолында қалады. Сонымен, 1787 жылы 17 қазан күні Конвент Конституция жобасын мақұлдады және осы Конституция 1789 жылдың төртінші айында заңды күшіне ие болды. Конституцияның мазмұнына құл иеленушілердің және ірі буржуазияның келісімге келгені анық көрінеді. Сол кездегі тарихи жағдайларда ол прогрессивтік мағынаға ие болып отырды. Өйткені ол Америка республикасының билік органдарының жүйесін заң жүзінде жазалап отырды. Және бұл буржуазиялық мемлекеттердің ішінде халықтың егемендігі туралы жазылған ең бірінші конституция болды.

Ең жоғарғы жалпы феодалдық заң билігі Конгреске беріледі. Конгресс екі палатадан тұрады. Олар жоғарғы және төменгі. Жоғарғысы сенат деп, төменгісі өкілдер палатасы болып аталады. Екі палаталық құрылыс мемлекеттің федеративтік құрылыс екенін көрсетеді. Өкілдер палатасы екі жыл мерзімге сайланады. Ол сайлауға тек 25 жасқа толған азаматтар ғана қатыса алады. Ал сенат өкілдері штаттардың заң жиылысымен және әр штаттан екі өкілден жіберіледі. Конституцияға 1913 жылы қабылдаған түзету сенаторларды штаттардың халқымен тікелей сайлануында сайланатындығы туралы айтылады. Сенаторлыққа отыз жастан бастап сайлануға болады. Және сайлану уақыты алты жылға созылады, бірақ екі жылдан соң сенаторлардың бірден үш бөлігі қайта сайлануы керек. Сенаттың төрағасы болып Вице-президент сайланады. Конституция Сенатқа ең жоғарғы федералдық лауазымды адамдарды, сонымен қатар президентті бақылау құқығын береді. Егер сенаторлардың үштен бір бөлігі айыпты деп мақұлданса, онда айыпкер жұмысынан қуылады. Бұл жерде Сенат "импичмент" ретінде жұмыс істейді. Тек Сенаттың келісімімен Президент халықаралық келісімдерді жасайды, елшілерді, жоғарғы сот өкілдерін тағайындайды. Осыған қарағанда сенаттың құқықтары өкілдер палатасына қарағанда басым болады. Конгресс өкілдері жалақы алады. Конгрестін күші конфедерация баптарымен берілген күшпен салыстырғанда күрделі келеді.

Оларға заң шығару, сыртқы, ішкі сауданы бақылау, ақша шығару, почта жұмысын реттеу, армияны жинау және ұстау, полиция, соғыс жариялау, сыртқы қарыздарды алу сияқты құқықтар берілген. Және осыған қоса халық арасында пайда болған көтерілістерді басу туралы актілерді шығару құқығы берілген. Штаттарға басқа штаттармен одаққа тұруға, шет ел мемлекеттерімен бір коалицияға кіруге, өзіне әскер жинауға рұқсат

етілмейді. Бірақ олардың қолында азаматтық қылмыстық, процессуалдық құқықтар бар. Әр штат өзінің конституциясына ие.

Атқару билігі АҚШ-тың Президентінің қолында болады. Ол екі сатылы сайлаумен төрт жыл мерзіміне сайланады. Оның жасы отыз бестен төмен болмауы керек. Президент өз қызметіне тек ант бергеннен кейін кіріседі. Конституция бойынша ол қызметке тек келесі жылдың наурыз айынан бастап кіріседі. Президент әскер мен флотты басқарады. Өз кабинетінің кез келген адамын ауыстыра алады. Мемлекеттің басшысы ретінде ол елшілерді қабылдап, оларды тағайындайды. Сенаттың келісімі бойынша ол АҚШ-тың жоғарғы сот пен федералдық құрылысының судьяларын тағайындайды. Президент федералдық заңдарды орындауды қадағалайды. Бас бостандықты әперуге құқығы бар. Екі палата келіспеген жағдайда Президент сессияның мерзімін өзгертуге құқылы. Ол керек кезде екі палатаны да шақырып ала алады. Президент Конгрестің қарауына кез келген істі ұсына алады. Әрбір Конгреспен қабылданған билль Президенттің қолын талап етеді. Егер он күн мерзімінде өзінің ойын айтпаса, онда ол билль заң болып қалыптасады. Егер Президент ол билльмен келіспесе, онда ол вето қояды. Ветоны алып тастау үшін ол билльді Конгрестің бірден үш бөлігімен қабылдауы керек. Президенттің құқықтарымен қысқа таныстырғанның өзінде оның құқықтарының өте кең мазмұнға ие болғандығы байқалады. Жоғарғы соттық билік АҚШ-тың жоғарғы сотына беріледі. Оның өкілдері Президентпен қойылады. Және қызметтерін өмір бойы сақтайды. Конституция олардың жалақыларын қысқартуға рұқсат бермейді. Жоғарғы соттың заң құрылысы өте жақсы құрылған деп саналады.

Конституция өте қатал деп саналады. Оған түзетулер штаттардың бірден үш бөлігінің қабылдауымен ғана күшіне енеді. Соңдықтан да конституцияны өмір сүргеннен бастап оған жиырма алты ғана түзету енгізілген. Конституция бекітілген кезде заң жиналысы оның баптарына азаматтардың бас бостандығы туралы баптар мен толықтырулар енгізуді сұрайды. Халықтың басым бөлігінің және француз төңкерісінің әсерімен 1789 жылы басшылық таптар Конституцияға он екі түзету енгізуге мәжбүр болды. Онда алғашқы он түзету маңызды рөл атқарған. Түзетулердің бірінші циклын америкалық заң туралы билль құрастырады. Ол өз күшіне 1791 жылы енді. Бірінші түзетуде сөздің, баспасөздің, діннің бостандығы туралы айтылады. Халыққа бейбіт түрде жиналып және үкіметке өздерінің талаптарын айтуға рұқсат берді. Екінші, үшінші түзету халыққа өзінің милициясын құруға, қару-жарақ алуға рұқсат берді. Төртінші түзетуде адамға қол тигізбейтіндігі туралы, үйіне, құжаттарына, мүлкіне қол тигізбеу туралы айтылады. Тұтқынға алуды, тінтуді белгілі санкциясыз істеуге болмайды. Бесінші бап ант берген сотын енгізді. Сегізінші түзетуде былай делінген: федералдық конституциямен штаттардан тартып алынбаған құқықтар штаттың немесе халықтың қолында болады.

Заң туралы билльдерді қабылдау үш үлкен прогрессивтік рельеге ие болады. Оны таптық күрестің нәтижесі ретінде және демократиялық күштің жеңуі ретінде қарастырған жөн. Бірінші он түзету сол кездегі өте

үлкен буржуазиялық-демократиялық жеңілдіктерді және Америка азаматтарының құқықтарын бекітеді.

Конституцияның өзінде мемлекетті қалай басқару мәселелері шешілді, ал азаматтардың құқықтары мен бостандықтары туралы өте аз айтылған еді. Сондықтан бұл кемшілікті толтыру үшін осы құжат қабылданған. Америка демократиясының негізі де сол. Еркі мен саяси ерікке тыйым салу ретінде ар-ождан еркі мен саяси шек қою. Дін бостандығын немесе сөз бостандығын шектейтін заңдарға Конгресс бағынбауы керек. Халық азаматтық құқығын сақтауға және қару-жарақ ұстауға құқықты. Осы түзетуді Д. Буш АҚШ президенті болған кезде өзгерткісі келді, бірақ бұл бап бұрынғы түрінде өзгермей қалды. Жеке адам және тұрғын үйдің дербестігі туралы ерекше айтылған. Негізсіз тінту және қамауға алу кезінде адамның жеке басына, тұрғын үйге, қағазға және мүлікке деген құқықтары бұзылмауы керек.

Төртінші түзету Еуропа құрлығына белгісіз. Ол үлкен қылмыстардың болмауын және жіберілмеуін қадағалап, сондай-ақ өзін-өзі кінәлауға арнайы құқық шығару жөнінде ақысыз жеке меншікті тоқтату жөнінде қаулы шығарды. Ашық сот құқығы маңызды құқықтарға жатады. Айыптаушының құқығын, оны қорғау үшін мемлекеттік айыптаушы жағынан қозғалған істерді аддын ала жариялау бекітілді. Құқық жөнінде Билльдің екі жағдайына көңіл аударайық.

АҚШ заң жүйесінің негізгі 7 принципі бар. Заңның билігі. Әрбір азамат өз құқығын тәуелсіз сотта заң бойынша қорғай алады.

Биліктің бөлінуі. Заң шығару билігі халық сайлаған депутаттардан тұрады және ол заң қабылдайды. Атқару билігі қабылдаған заңдарды жүзеге асырады. Сот қабылданған заңдарды талқылап, шиеленісті жағдайларды шешеді. Тәуелсіз сот. Соттың қайта қарауы. Сот істі қарап отырған жағдайда атқару немесе заң шығару биліктерінің қауымы немесе бұйрығы Конституцияға қарсы скенін тапса, ол оны жоюға құқықты.

Федерализм принципі. Жарысу процесі. Тиісті процесс. Үкіметтің қызметінен немесе заңның қатесінен зиян келген азаматтар өздерінің шағым арызын жазып, ресми түрде позициясын түсіндіріп, алған кемістігін қайтаруға немесе шығарған бұйрықты жұмсартуға құқықты.

АҚШ-тағы сот жүйесі. Сот билігі, заң шығару және атқару биліктері бір-бірінен ажыратылады, қоғамда туған шиеленістерді заң бойынша қарайды. Сот тек заңға ғана бағынады. Барлық сот ісі ашық өтуге тиісті, бұл жағдай болмаса халық соғғың тазалығына сенбейді. Сот тәуелсіз болуға тиісті. Бірақ оның осы нышанына кепілдік беру өте қиын, сондықтан ол үшін жағдай туғызу керек. Оның юрисдикциясы жалпы және заңды болуға тиіс. Соттың ісі ашық өтеді. Сот өзінің жеке ережелерін қабылдауға құқығы бар. Сот қызметкерлерінің иммунитетін мемлекет сақтайды және кепілдік береді. Сот қателескен жағдайда сотталған адам шағым арыз беруге құқықты.

Соттың тәуелсіздігіне кепілдік беретін институциялық кепілдіктер. Сот қызметкерлерін сот билігі тағайындау тиісті емес. Қызмет істеп жатқан сот қызметкері жоғарғы қызмет орнына ұсыныла алмайды. Оның жасына және қызмет орнына қарап дауысқа салады. Сот қызметкерлері өмір бойы

қызметін істейді, олардың тәуелсіздігіне бұл ең жақсы кепіл. Конституцияда (3-бап, 1-тармақ) жалақы туралы былай айтылған: "Олардың жалақысы қызмет істеген мезгілде азаймау керек". Бұл норма сот қызметкерлердің жалақысын инфляциядан қорғайды. Сот қызметкерді орнынан алу үшін мықты дәлелдеу, негізі болуы керек. Сот қызметкерлерінің тәртібін өздерінің ұйымдары қадағалайды. Сот органдарындағы қаржы мәселелерін көбіне Парламенттің өзі қарайды. Олар атқару биліктері тәуелді болу үшін қабылданған норма. Сот халық үшін ашық болуы тиіс. Сот қызметкерлері білімін жаңартып оқуға және этикалық нормаларын қолдануға тиісті. Орташа заңгер АҚШ-та кемінде 7 жыл оқиды. АҚШ құқығы өте ауыр, материалдық және іс жүргізу нормалары бойынша соттардың шешімдерінде, прецеденттерінде жиналған. Олардың сот процесі – жарыспалы процесс. Сондықтан сотқа қатысатын екі жақ керек дәлелдеу әдістерді өздері тауып, сотқа әкелуі керек, сондықтан соттың өзі қашанда бейтарап, әділ болуы шарт. Америка азаматтары үшін құқықтың абыройы өте жоғары. Олар үшін құқық ерекше дін, сондықтан олар туған проблемалардың бәрін сотта шешкісі келеді. Осындай жағдайда адвокаттардың рөлі өте жоғары, олар дін қызметкерлеріне ұқсас.

АҚШ-та екі сот жүйесі бар: федеративтік және штаттық. Федеративтік соттар федеративтік заңдар бойынша пайда болған істерді, штаттар арасындағы таластарды, шетел өкіметтерінің қатысуымен қаралатын істерді ғана қарайды. Федеративтік соттарға округтік соттар да жатады. Олардың саны 94. Бұлар бірінші инстанциялық федеративтік соттар. Бұл соттарды округтік сот қызметкерінен басқа банкроттарды қарайтын, оларға көмектесетін магистрлер бар.

Апелляциялық соттар. Олардың саны 12, қарайтындары апелляциялық істер. Округтік соттың апелляциясын үш сот қызметкері қарайды. Ең жоғарғы инстанция – Жоғарғы Сот, ол 9 адамнан тұрады, істі бәрі бірге қарасады. Федеративтік округтік соттың шешімдерін апелляция қарайды.

Штаттардың соттары. Әрбір штаттағы сот жүйесінің ерекшеліктері бар. Бірінші инстанциясы – бір сот қызметкері, олар округтік сот деп аталады. Олар маңызды азаматтық және қылмыстық соттарды қарайды. Апелляциялық сот, Жоғарғы сот. Іске қатысқан екі жақ бір апелляция беруге құқығы бар.

Сот әкімшілігі қаржы, басқару, бюджет, сот қызметкерін оқыту мәселелерімен айналысады. Федеративтік жүйесі 27 адамнан тұратын Сот кеңес, мәслихат қарайды. Ол Басшы сот қызметкерінен, 26 жай сот қызметкерінен тұрады.

Жоғарғы Соттың мүшелерін Президент өзі тағайындайды. Импичмент жүргізіп, оларды тек орнынан алуға болады. Штаттардың сот қызметкерлері екі сатыдан құрылады: тәуелсіз заңгерлер, заң шығарушылар, сот қызметкерлері, азаматтардан тұратын тәуелсіз комиссияның ұсынысы бойынша берілген тізімді тағайындайды немесе халықтың өзі сайлайды. Орнынан губернатор тек импичментпен алынады.

Прокурорлар Заң министрлігіне бағынышты. Олар сот емес, атқару билігіне жатады. Бас Прокурорды Президент тағайындайды. Округтік

федералдық соттардың прокурорлары бас прокурор деп аталады, оларды да Президент тағайындайды. Заң министрлігіне ФБР кіреді, ол АҚШ-қа қарсы істелген қылмыстарды қарайды. Әрбір штатта бас прокурор бар, көбіне оны штаттың азаматтары сайлайды. Олар осы штатта істелген қылмыстарды тексереді.

Адвокаттар. Сотқа қатысқан адамдар сотта өздерін-өзі қорғауына болады немесе адвокаттарды алады. Ақшасы жоқ адамдар жергілікті заң көмек қоғамы арқылы адвокаттарды алады. Қылмыстық істерге қатысатын адвокаттарды кедей адамдарға Қоғамдық қорғаушылардың бюросы береді. Әрбір штат адвокаттарға лицензия беріп, білімдерін тексергеннен кейін ғана қызмет істеуге келісін береді.

1861-1864 жж. Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы азаматтық соғыс және оның АҚШ-тың мемлекеттік-құқықтық дамуына тигізген ықпалы.

Бұл қанды соғыс АҚШ тарихындағы ең ауыр да күрделі оқиға болып саналады. XIX ғасырдың ортасында АҚШ-тың саяси-әлеуметтік күштері саяси партия болып құрылды. Олардың арасында саяси шиеленістер қайталанып отырды. Жергілікті үндістерден тартып алынған жерлерге Американың солтүстігінен фермерлер, оңтүстігінен плантацияның иелері негрлерімен қоныстана бастады. Олардың арасында қайшылық та аз емес еді. Екі жақтың мүдделерін ортақ ету үшін 1820 жылы маңызды саяси шара қабылданған болатын, ол Миссурийлік келісім деп аталды. Бұл келісім бойынша федерация құрамына құл иеленуші штатпен қатар Миссури деген құл иеленуші емес Мэн штаты алынған болатын. Бұл келісім бойынша солтүстікте 35 градус ендік 30 градусы танары құл иеленушілік штаттар құрыла алмады.

Ал бұл соғыстың негізгі шығу себебі АҚШ-ың экономикалық дамуына байланысты еді. АҚШ-та капиталистік және құл иеленушілік экономикалық жүйелердің қатар дамығаны мәлім, XIX-ғасырдың жартысында олардың арасында қайшылық күшейді. Америкада "бос жерлерді" иелену процесіне байланысты өнеркәсіпті-фермерлік Солтүстік штаттармен құл иеленушілік Оңтүстік штаттар арасында азаматтық соғыс басталды. Ол 1861-1865 жылдар аралығын қамтыды. Бұл соғыс екінші америка төңкерісі болып саналады.

1860 жылы АҚШ президенті болып республикалық партияның басшысы Авраам Линкольн сайланды. Қатардағы фермердің жанұясынан шыққан, ол құлдық жүйеге белсенді түрде қарсы шықты. АҚШ-қа 12,2 миллион адам тұратын 34 штат кіретін, олардың 15-і құл иеленушілік штаттарға, ал 19,2 миллион адам тұратын 19-ы азат штаттарға жататын. 1860 жылы оңтүстік 11 штат президенттік сайлауда жеңілгеннен кейін, АҚШ шығатын болып, өздерінің федерациясын құратын болды. Бұл федерациялық құрылысты жаңа Конституция бекітті. Осы саясат "сецессия" деп аталды. 1861 жылы азаматтық әскери қимылдар басталды. Бұл күресті Оңтүстік Каролина басқарды да, қалған 10-Виргиния, Солтүстік Каролина, Оңтүстік Каролина, Джоржия, Миссисипи, Алабама, Луизиана, Флорвда, Техас,

Арканзас, Теннеси сияқты 10 штат бұл күресте көмек берді. Осылай азаматтық соғыс басталды.

Белгілі АҚШ президенттерінің бірі А.Линкольн құлдыққа қарсы шығып, азаматтық соғысты басқарды. 1864 жылы ол екінші рет АҚШ президенті болып сайланды, "Құлдыққа өлім" деген саяси принцип оның саясатының негізін құрды. 1863 жылдан бастап негрлердің бәрі ерікті болып жарияланды. Бірақ олар еріктілікпен қатар жер алған жоқ. 1865 жылы 9 кекек күні оңтүстіктің әскерлері толық жеңілді, АҚШ Конституциясына 13 түзету қабылданды, бұл бап бойынша құлдық жойылды. Ал 14 көкек күні жеңісті мерекелеу мейрамы үстінде АҚШ президенті қастандықпен өлтірілді, АҚШ-та 20 бөлінетін жылы сайланған президенттердің көбі президенттің міндетін атқару барысында өздерінің қызмет орнында өлетіні байқалды. Одан кейінгі АҚШ президенті Э.Джонсон бүлікке қатысқан адамдарға кешірім жасады. Бірақ жұрттың бәрі наразылық білдірген соң, ол бұл саясатты тоқтатты. Бүлікке қатысқан штаттардың өкілдері Конгрестен шығарылып, 1866 жылы Конституцияға белгілі 14 түзету қабылданды.

Оңтүстіктің реконструкция саясаты басталды. Бүлікке қатысқан оңтүстік 5 әскери округке бөлінген еді. Олардың әскери басқаруы басталды. 1867 жылы бұл штаттарға федералдық әскерлер кірді де, штаттардың әскерлері шығарылды. Бұл штаттардың өкілдері қайтадан Конгреске жіберілетін болды. 1870 жылы 15 түзету күшіне енді, бұл түзету бойынша ер азаматтардың бәрі, түсіне қарамастан, сайлау құқығына иеленген еді. Бүлікшіл штаттардағы әскери басқару осы түзетуді бекіткеннен кейін ғана тоқтатылатын болды. Жалпы федералдық әскерлер 1877 жылы ғана шықты. АҚШ Жоғарғы Соты федерацияны бұзылмайтын одақ деп жариялап, 1868 жылы сецессия құқығына тыйым салды. Бірақ, құжатта құлдық жойылғанмен, негізгі құлдықтың қайнар көздері көпке дейін құрыған жоқ. Негрлер сайлау құқығын пайдалана алмады, оларға білімдік және басқа да ценздер енгізілді. Оңтүстік штаттардағы негрлердің тұратын, оқитын, жүретін жерлері бөлек болатын және негрлер мен ақтардың арасында некеге тұруға болмайды деген құқықтық нормалар кездесетін. Негрлер жер ала алмады. Олар бұрынғы иелерінен жерді тек жалға алуға ғана мәжбүр болды. Олардың бостандығы толық емес, жартылай ғана бекітілген еді. Олардың жағдайын Қара кодекстер кемітті. Негрлер тек қана плантацияда жұмыс істейтін, олардың қолөнермен, басқа да шаруамен айналысуына құқық берілген жоқ. Жұмыссыз жүрген негрлер қаңғыбас деп саналып, айыппұл төлеп, күштеп плантацияның жұмысына жіберіліп отыратын. Ал 18 жасқа толмаған негрлер өздерінің ақ қожайындарына оқуға берілді. Сонымен, бұл азаматтық соғыс АҚШ федерациясын нығайтып, конституцияда бірде-бір штат федерациядан шыға алмайтын етіп бекітті.

Қорытынды

АҚШ-та ескі прецеденттік құқық маңызы күрт төмендеп кетті. Прецеденттік құқық жойылмаса да, прецедентті туғызатын сот тәжірибесінің негізгі тағайындалуы парламент актісінің статутын талқылау болды. Заң мен судья арасында жоғарғы сот жасаған прецедент тұрды. Судьялар заңға тікелей сүйенген жоқ. Бұл консерватизм деңгейін өсірді. Оның уақытын өткен сайын күрделі бола түскен соншалық, прецеденттік құқық қоғамға ғана емес, мамандардың өзіне түсініксіз бола бастады. Құқықты кодификациялаудың бірнеше мәртебе жасалған талпынысы сәтсіз болып шықты. Ақыры 1965-ж. Ұлыбританияда арнайы алқалар құрылып, оларға «құқықтық нормаларды кодификациялау, ескірген және қажетсіз құқық нормаларын жою, соңғыларын жеңілдетіп, жетілдіру» тапсырылды. Бұл әлі күнге дейін жалғасып келеді. Англияның сот құрылымында ірі өзгерістер орын алған.

АҚШ-та прецедент ең жақсы икемді қайнар көз ретінде саналады. Федералдық заңдар тек аздаған азаматтық- құқықтық қатынастарды (шетелдіктермен сауда штатаралық сауда, авторлық және патенттік құқық, төлемқабілетсіздік) реттейді, ал қалғанын штат заңдары реттейді. Әрбір штаттан прецеденттік құқық ойлап табылған. Оның мақсаты-федералдық нормаларды штаттардыкімен және олардың өз арасындағы ережелерді келістіру.

1962-ж. Американдық құқық институтымен Қылмыстық кодекс «үлгісі» құрастырылды. 1967-ж. Нью-Йорк өз Қылмыстық кодексін заңдастырды. Бір категориядағы істер бойынша судьялар әртүрлі шешімдер шығарып отырды.

1965-ж. заңмен АҚШ президентіне қол сұғу ісі федералдық билік қарауына ауыстырылды үлкен жаңалық болды. Бұл заң Далласта Д. Кеннедидің өлтірілуінен кейін орын алды.

Өткен ғасыр заңдары жер иесінен жер қойнауына құқығын алып қойды. Жаңа дәуір заңнамасы су энергиясын қолдану құқығы мен әуе кеңістігіне құқығын алып қойды.

Жер меншігін мемлекет қажеттіліктері үшін алып қою тәртіптері жеңілдетілді. Англия мен АҚШ-та бұл арнайы парламенттің, конгресстің актілерімен жүзеге асырылып отырды.

Жылжымалы мүлікті алып қою және шектеу жағдайға байланысты таралып отырды. II дүниежүзілік соғыс бұл тәжірибені қайта қалпына келтірді. Бірқатар елдерде аралас компаниялар пайда болды. Олар французша «аралас үнем серіктестігі» деп аталалы. Мемлекет бұл компанияларда акционерлердің бірі ретінде қатысып, басқарма мүшелерін тағайындау, дивиденттерді тарату және тағы да басқа мәселелерге араласады.

Үлкен капиталистік елдердің ішіндегі жалғыз АҚШ қана өндірістік кәсіпорындарға мемлекеттік меншік қағидасын қабылдамаған. Бірақ бұл жерде де атом өндірісі және т. б. қосқанда мемлекеттік меншік шынайы фактіге айналған.